

**"Победа селолық округі елді мекендерінің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы"
2009 жылғы 30 қаңтардағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 4895 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Победа ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. "Победа селолық округі елді мекендерінің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 1 Победа ауылдық округі әкімінің шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-105 тіркелген, 2009 жылғы 26 наурызда "Айна" газетінде жарияланған") мынадай өзгерістер енгізілсін :

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосы", " селолық" деген сөздер "ауылы", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнбiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К. Рахимбаев